

## Оралмандардың 2008 жылға арналған көшіп келу квотасын бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 ақпандағы N 137 Қаулысы

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңына және "Оралмандардың 2008 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 30 желтоқсандағы N 506 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қосымшаға сәйкес оралмандардың 2008 жылға арналған көшіп келу квотасы облыстар (республикалық маңызы бар қала, астана) бойынша бөлінісін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

1) облыстар, республикалық маңызы бар қала және астана әкімдерімен бірлесіп, көшіп келу квотасына енгізілген оралмандарды қабылдауды, жайластыруды және оларды орналастыру орындарында бейімдеуге арналған жағдайды 2008 жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражат шегінде қамтамасыз етсін ;

2) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, мемлекеттің қаржылық қолдаусыз өзінің тарихи отанына келе алмайтын ұлты қазақ адамдардың ұйымдастырылған көшіп келуін жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі осы қаулының орындалуы туралы есептерді 2008 жылғы 1 шілдеге және 2009 жылғы 1 ақпанға Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

1 5

а қ п а н д а ғ ы

N

1 3 7

қ а у л ы с ы н а

қосымша

*Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.11.03 N 1000 Қаулысымен.*

### Оралмандардың 2008 жылға арналған көшіп келу квотасы

Облыстар мен қалалардың атауы	Отбасы саны
Ақмола	908

Ақтөбе	950
Алматы	1647
Атырау	450
Шығыс Қазақстан	1300
Жамбыл	1498
Батыс Қазақстан	300
Қарағанды	1005
Қызылорда	300
Қостанай	800
Маңғыстау	2180
Павлодар	300
Солтүстік Қазақстан	410
Оңтүстік Қазақстан	2712
Астана қаласы	95
Алматы қаласы	145
<b>Жиыны:</b>	<b>15000</b>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК